



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 5 ақпан

### **«Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» заң жобасы валюталық операциялар туралы ақпарат ауқымын кеңейтуге және валюталық бақылаудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді**

«Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» заң жобасының нормаларын іске асыру валюталық операциялар туралы ақпарат ауқымын кеңейтуге, валюталық бақылаудың тиімділігін, оның ішінде елден ақшаның әкетілуіне қарсы іс-қимыл үшін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл туралы Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары Олег Смоляков бүгін Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде баяндама жасаған кезде айтып берді.

Ол жаңа заң жобасының негізгі мақсаттары Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі, «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы құру жағдайында валюталық заңнамаға жоспарлы түрде өзгерістер енгізу болып табылатынын атап өтті.

«Заң жобасының негізгі міндеті валюталық операциялардың статистикалық мониторингінің қамтылуын кеңейту және Қазақстан аумағындағы шетел валютасын есеп айырысуларда пайдалануды қысқарту болып табылады. Бұл ретте заң жобасында ырықтандырылған валюталық режим қағидаттарын сақтау көзделген», - деді О. Смоляков.

Сөз сөйлеуінде ол заң жобасының негізгі өзгерістеріне тоқталды, онда: шетелдік ұйымдардың филиалдарын резиденттер деп тану; трансшекаралық сипаттағы валюталық операциялардың қамтылуын кеңейту; капиталды әкетуге бағытталған операциялар бойынша валюталық бақылауды күшейту; Қазақстан аумағында валюталық құндылықтардың айналыста болу тәртібін және резиденттер арасында рұқсат етілген валюталық операциялар тізбесін нақтылау қамтылған. Заң жобасын қолданысқа енгізу мерзімі – 2019 жылғы 1 шілде.

Ол қазіргі уақытта қолданыстағы валюталық заңнама бойынша шетелдік ұйымдардың филиалдары бейрезиденттер болып табылады және, тиісінше, резиденттерімен валюталық операцияларды жүзеге асыруға құқығы да бар деп айтты. Мәселен, 2016 жылы шетелдік ұйымдар филиалдарының Қазақстан резиденттерімен шетел валютасындағы операцияларының көлемі 2,5 млрд. АҚШ долларды құрады.

«ДСҰ-ға кіргеннен кейін филиалдар мен өкілдіктердің санын ұлғайту күтіледі, бұл ел ішінде шетел валютасындағы төлемдердің ұлғаюына әкеледі, ол ұлттық мүдделерге сәйкес келмейді. Осыған байланысты, шетелдік ұйымдар филиалдарының қазақстандық контрагенттермен есеп айырысуларын теңгеге ауыстыру ұсынылады. Өзгерістер мемлекеттің атынан шетелдік ұйымдармен жасалған келісімдермен бейрезидент мәртебесіне кепілдік берілген компанияларға қатысты болмайды. Бұл ретте осы заң қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған шарттарға қатысты жағдайлардың нашарлауы көзделмейді», - деді О.Смоляков.

**«Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» заң жобасында  
валюталық операцияларды статистикалық мониторингпен  
барынша толық қамту көзделді**

Заң жобасында валюталық операциялар туралы ақпарат жинау рәсімдерін бір мезгілде жеңілдете отырып, валюталық операцияларды статистикалық мониторингпен барынша толық қамту көзделді.

Бұл туралы бүгін Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары Олег Смоляков Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде баяндама жасаған кезде айтып өтті.

«Тіркеу мен хабарлауды валюталық реттеудің күрделі сыныпталатын режимдерінің күші жойылады. Олардың орнына валюталық шарттарды бірыңғай есептік тіркеу енгізіледі. Экспорттық-импорттық шарттар бойынша есептік тіркеудің қолданыстағы рәсімі сақталады. Осы рәсімді жұмыстар мен қызметтердің экспорты және импорты бойынша валюталық шарттарға да қолдану жаңарту болып табылады», - деді О.Смоляков.

Сондай-ақ, ол трансшекаралық сипаттағы валюталық операцияларды қамтуды кеңейту бөлігіндегі өзгерістер туралы айтып берді.

«Заң жобасында елден ақшаны әкету белгілері бар валюталық операциялардың тізбесі белгіленген. Оларға: резиденттің Қазақстандағы шоттарға ақша аудару жолымен өтеуді көздемейтін қаржылай қарызды бейрезидентке беруі; бейрезиденттің Қазақстандағы шоттарға ақша аударуды көздемейтін қаржылай қарызды резидентке беруі; резиденттің үлестес емес бейрезидентке 720 күннен асатын мерзімге пайызсыз қаржылай қарызды беруі; репатриациялау мерзімі 720 күннен асатын экспортқа немесе импортқа ақы төлеу бойынша операциялар жатады», - деді қаржы реттеушісі Төрағасының орынбасары.

Ол банктер мұндай операцияларды резидент ақпаратты валюталық бақылау органдарына беруге рұқсат берген кезде ғана жүзеге асыратынын атап өтті. Оған қоса, заң жобасында банк құпиясы бар валюталық операциялар бойынша ақпаратты Мемлекеттік кірістер комитетіне беру құқығы көзделген.

Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары О.Смоляков Қазақстан аумағында валюталық құндылықтар айналысының тәртібі туралы айтып берді: «Банктік емес айырбастау пункттеріне Ұлттық Банк шығарған құймадағы аффинирленген алтынды сатып алу және сату құқығы берілді.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасының шеңберінде бір кодекске және Қазақстан Республикасының төрт заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі».

Заң жобасы енгізілгеннен кейін валюталық реттеу мен валюталық бақылау мақсаттары үшін оң нәтижелер күтіледі. Заң жобасы барлық мүдделі министрліктермен, Бас прокуратурамен, сондай-ақ Қаржыгерлер қауымдастығымен және Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісілді.

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы аулға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)